

Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 508-2075 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қазанда № 1295 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12.2022 № 508-3859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12.2022 № 508-3859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың:

1) "Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 633 болып тіркелген, 2010 жылғы 1 шілдедегі "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған);

2) "Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 105-8 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1155 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қаңтарда "Астана ақшамы" газетінде, 2018 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12.2022 № 508-3859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

А. Көлгінов

Астана қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 6 қазандағы
№ 508-2075 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12.2022 № 508-3859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12.2022 № 508-3859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

Р/с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Көпес И.С. Силиннің үйі, XIX-XX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары көшесі, № 35
2.	Ерекше міндет бөлімі отрядтары құрылған үй, 1914 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров көшесі, № 57
3.	Теміржолшылар сарайы, 1954 жыл	Қала құрылысы және сәулет	І. Есенберлин көшесі, № 10
	1954 жылы алғашқы тың игерушілер эшелоны		

4.	келген вокзал ғимараты және вокзал маңындағы алаң, 1954 жыл	Қала құрылысы және сәулет	310-дивизия атындағы вокзал маңындағы алаң
5.	Сәкен Сейфуллин ескерткіші, 1972 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	Жеңіс даңғылы, № 62
6.	Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге ескерткіші, 1995 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ауданы, Жеңіс даңғылы
7.	Константин және Елена шіркеуі, 1854-1900 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Республика даңғылы, № 12
8.	Қалалық басқарма ғимараты, XIX ғасырдың соңы	Қала құрылысы және сәулет	Желтоқсан көшесі, № 11
9.	Гимназия, XIX ғасырдың соңы	Қала құрылысы және сәулет	Желтоқсан көшесі, № 13
10.	Көпес Д.В. Егоровтың үйі XIX-XX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов көшесі, № 5а
11.	Көпес үйі, 1846 жыл	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов көшесі, № 20
12.	Дәрігер Ф.И. Благовещенскийдің үйі, XX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов көшесі, № 20а
13.	Жасыл мешіттің дуалы, 1895 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 83
14.	Көпес С.А. Кубриннің ауруханасы, 1880 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ә. Жангелдин көшесі, № 40
15.	Көпес В.М. Кубриннің үйі және жапсаржайы, 1910 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары көшесі, № 41
16.	Көпес М.К. Кубриннің сауда үйі, 1905 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары көшесі, № 37
17.	П.Г. Моисеевтің үйі, 1914 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ә. Мәмбетов көшесі, № 40
18.	"Октябрь" кинотеатрының ғимараты, XX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 29
19.	Пионерлер үйі, XX ғасырдың 1960 жылдары	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік көшесі, № 6

20.	"Есіл" қонақ үйінің ғимараты, 1958-1960 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік көшесі, № 8
21.	Астана қаласы әкімдігінің бұрынғы ғимараты, 1958 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров көшесі, № 60
22.	Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің ғимараты, 1950 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов көшесі, № 74/1
23.	Мұсылман жастарына арналған Б. Қосшығұловтың мектебі, XIX-XX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 24
24.	"Астана-Бәйтерек" монументалдық құрылысы, 2002 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	Нұржол бульвары, № 14
25.	Кенесары хан ескерткіші, 2001 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	Есіл өзенінің жағалауы
26.	А.С. Пушкин ескерткіші, 1999 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ауданы
27.	С. Сейфуллин ескерткіші, 1994 жыл	Монументтік өнер құрылыстары	С. Сейфуллин және М. Әуезов көшелерінің қиылысы
28.	"Астана" мүсіні, 2002 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Тәшенов көшесіндегі шағынгүлбақ
29.	Метеостанция ғимараты, 1914-1916 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Жамбыл көшесі, № 11
30.	"Космос" және "Баспа" мозаикалық паннолар, 1972 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік көшесі, № 25
31.	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының "АЛЖИР" мемориалды-мұражай кешені, 2007 жыл	Ансамбльдер мен кешендер	Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы
32.	"Қараөткел" мұсылман зираты, 1609-1962 жылдар	Киелі объектілер	"Жастар" шағын ауданы
33.	Бозоқ II қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Бұзықты көлінің шығыс жағалауы
34.	Қозыкөш I қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде

35.	Қозыкөш II қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
36.	Қозыкөш III қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
37.	Қозыкөш IV қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
38.	Қозыкөш V қыстауы, XVIII-XIX ғасырлар	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
39.	Бұрынғы мұсылман мектебінің екінші ғимараты, XIX ғасырдың басы	Қала құрылысы және сәулет	Отырар көшесі, № 1/2
40.	"Әзірет Сұлтан" мешіті, 2012 жыл	Киелі объектілер	Тәуелсіздік даңғылы, № 48
41.	"Әбу Насыр әл-Фараби" мешіті, 2005 жыл	Киелі объектілер	Қабанбай батыр даңғылы , № 36
42.	Бейбітшілік және Келісім сарайы, 2006 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Тәуелсіздік даңғылы, № 57
43.	Қ а з а қ с т а н Республикасының Бас мешіті, 2022 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Мәңгілік Ел даңғылы, № 65